



БҰЙРЫҚ

09.12.2023

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 208

город Астана

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша
республикалық ғылыми жобалар конкурсының
қалалық кезеңін өткізу туралы**

«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының 2023 жылдың 15 қарашадағы №693/15-11-06 хаты және Астана қаласы Білім басқармасының 2023 жылғы желтоқсан айының 4-дегі №2534 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының Дарынды оқушылардың жоба жұмыстары мен конкурстарын ұйымдастыру бөлімінің басшысы К.Е.Баяхметова 2023 жылдың 7 желтоқсан күні жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының қалалық кезеңін (бұдан әрі- Конкурс) №84 мектеп-лицейінің базасында өткізуді ұйымдастырсын.

2. Конкурстың қазылар алқасының құрамы келісімдері бойынша қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. «Астана дарыны» орталығының есепшісі Г.Ж.Жандилдина қазылар алқасының құрамында қызмет атқарған жоғары оқу орындары оқытушыларының сағаттық төлемақысын келісім шарт негізінде осы орталықтың 2023 жылғы қаржыландыру жоспарында белгіленген көлемде төлеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары А.Х.Абишеваға жүктелсін.

Қосымша: п.

Директор

Ж. Бейсенбаева